# Қаратөбе мектеп – гимназиясы

- **Пән мұғалімі : Алмажан Жасұланқызы Жұмағалиева**
- **Сабақ өтетін сынып : 5 - сынып**

---

- **Сабақтың тақырыбы: “Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері”**
- **Сабақтың мақсаты:**
- **- <u>Білімділік:</u>рәміз белгілері ұғымы, қазақ елінің рәміздері тарихынан, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы мағлұмат беру;**
- **- <u>Дамытушылық:</u> қосымша материалдарды пайдалану, оқушыларды іздендіру арқылы танымдық ой - өрісін кеңейту;**
- **-<u> Тәрбиелік: </u>Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуге міндеттілігін ұғындыру арқылы елжандылыққа тәрбиелеу;**
- **Сабақтың типі: оқушылардың жаңа білімді игеру сабағы;**
- **Сабақтың түрі: танымдық сабақ;**
- **Сабақтың әдісі: оқу, іздену, толғаныс, жинақтау, қорытындылау;**
- **Сабақтың көрнекілігі: слайдтағы тірек – сызба кестелер, суреттер;**
- **Пәнаралық байланыс: әдебиет, жаратылыстану;**










Суреттегі бейнелерден нені байқадыңыз? Бұл суреттерді не біріктіреді?

Ежелгі Түрік жауынгерлерінің бөрілі байрағы



Ғұн жауынгерлері ұстаған байрақтың бір түрі




Түрік қағанының штандарты






Ұлы ғұндар туы

# Тарихқа терең үңілсек

Дүние жүзіндегі басқа мемлекеттердікі сияқты, қазақ елінің рәміз белгілерінің де көп жылғы бай тарихы бар.Көне түрік мемлекеттерінің туларында негізінен қасқырдың басы бейнеленген. VI – VII ғасырларда көп тараған бұл тулар “Бөрілі байрақ” деп аталған. Тудағы бұл бейне аңыздағы түріктердің арғы атасы болған көк бөрінің құрметіне алынған.

Сабақ тақырыбы :

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері

# Мемлекет қалай пайда болды?

Тобыр → Ру → → Тайпа → Тайпалық одақ → Мемлекет

# “Таңбалы тас”

Әбілқайырдан бөлінген рулар Бетпақдалаға жақын Таңбалы Нұра деген жерде бас қосты. Онда жеке ел боламыз деген шешімге келді.Сол жердегі үлкен жартасқа әр ру өз таңбаларын қашап жазды. “Таңбалы тас” деп аталатын бұл жер кастерлі ұлттық рәмізге жатады, соған орай бүкіл әлем қазақтарының тізе бүгіп, тәу ететін киелі өңірлерінің бірі



# Әмір Темірдің аспан көк туы

- XIV ғасырда көтеріліп, бір жарым ғасыр бойы желбіреген жеңімпаз тудың түсі біркелкі. Аспан көк рәміздің ортасында даңқты қолбасы мөрінің суреті [illegible]ан



Әмір Темір.

# Абылайдың ақ туы

- Ел жадында ерекше сақталған рәміздердің бірі – Абылайдың ақ туы. Ол бір түсті төрт бұрышты ақ мата. Шашақты бауы бар. Қазақтың ұлы ханының туының түсі – Шығыс ғұн, Ақ ғұн, Шыңғыс ханның Алтын Орда мемлекеттерінің рәміздерімен реңдес.



# Есім ханның қызыл туы

- Қазақтың XVII ғасырдағы ұлы ханы Еңсегей бойлы ер Есімнің туы қызыл екен. Бұл ту Ақ Орда билеушісі Ұрұс ханнан қалған.

Жалпы рәміздер дегеніміз мемлекеттердің барлығын бірінен - бірін ажырататын және өзіндік бет – бейнесін айқындайтын нышан – белгілері



- Кеңестік дәуірде Қазақстанның рәміз белгілері үш рет бекітілді. 1925 жылы Қазақ АКСР – нің елтаңбасы, ал 1937 жылы Қазақ КСР – нің елтаңбасы қабылданды. 1940 жылы елтаңбадағы жазу латын әрпінен кириллицаға ауыстырылды.







1937 ж



1940 ж




1978 ж


Ғылымдар
Геральдика
Виксикология
елтаңбаларды
т у л а р д ы
зерттейді

# Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері





***Гимн***

# Тапсырма

- 1. ҚР Мемлекеттік туындағы бейнелер нені ұқтырады?
- 2. ҚР Мемлекеттік елтаңбасы қандай белгілерімен назар аудартады?
- 3. ҚР Мемлекеттік Гимнінде халқымыздың өмір салты қалай көрініс тапқан?

# ҚР рәміздерінің авторлары

| | | |
|---|---|---|
|  |  | **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні** |
|   |  |    |
| Ш.Уәлиханов<br>Ж.Мәлібеков | Ш.Ниязбеков | Ж. Нәжімеденов<br>Н. Назарбаев<br>Ш. Қалдаяқов |

***Қазақстан Республикасы Конституциясынан 1995 ж. 30 тамыз***



*"Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді". 9 - бап*

*   *Әркім республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті". 34 бап. 2 тармақ*

# Ту шетелде екі жағдайда көтеріледі






Абзал Бөкенов

*Бәрі болған Қазақ сынды көне елде,*
*Ел белгі де, ерлік, өрлік, өнер де.*
*Жаһандағы ең жауынгер халықта*
*Кім сенеді Ту болмады дегенге ?!*
*Бас білгізіп жер тарпыған тарпаңға*
*Жасы тұрмақ шығады екен қарты алға.*
*Қалай оның Елтаңбасы болмайды.*
*Түлігіне дейін салса ен – таңба*
*Батылдыққа уызынан жарыған,*
*Ер түркіні байрағынан таныған*
*Өзі ақын, өзі әнші халықта*
*Кім айта алар болмаған деп әнұран?!*

# Шығармашылық тапсырма

- “Менің елім”
- “Елдігімнің белгісі”
- “Тәуелсіздік – тірегіміз”
- “Көшбасшымыз - кемеңгер”

- Оқушыларды бағалау
- Үйге тапсырма

*Енді бүгін өлген туым тірілді,*

*Әнұраным жалғап алды ғұмырды.*

*Босағада қалып келген Елтаңбам*

*Баяғыша төріме кеп ілінді.*

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалады

**Бүгінгі сабақтың өтуіне атсалысқан қатысушыларға, ұйымдастыруышларға ізгі рахмет!**